

# Балалар – кітаптың жақын достары

2 сәуір - Халықаралық балалар кітабы күні. Балалар жазушысы Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орай белгіленген күн 1967 жылдан бастап ата-



лып өтіледі. Еліміздегі барлық балалар кітапханасы бұл күні түрлі байқаулар мен жарыстар, ойындар өткізіп, кітап туралы түрлі көрмелер ұйымдастырады.

Нұра аудандық балалар кітапханасы да бұл атаалмыш шарадан тыс қалмады. Кітап апталығының жоспары жасалынып, іс-шаралардың әр түрлі топтамасын өткізді. Атаулы мереке аясында жас оқырмандардың жас ерекшеліктеріне арналып «Армысың, кітап апталығы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге түрлі жанрлардағы кітаптар қойылып, балалар кітаптары жарнамаланды. Оларға бұрыннан таныс болмай келген кітаптар жайында айтылып, шолу жасалынды. Бұл көрмеге сонымен қатар, осы жылдың мерейгер балалар жазушыларының кітаптары да қойылды. «Балалар – кітаптың жақын достары» атты оқылған кітаптар жайындағы әңгімелесу өте мазмұнды, қызықты өтті. Жас оқырмандар өздерінің сүйікті кейіпкерлері туралы ой бөлісті.

«Ертегі сыр шертеді» әдеби-ойын бағдарламасы ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен өткізіліп, жас оқырмандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Балалар үлкен шабытпен викторина сұрақтарына жауап беріп, ойындар ойнады. Жас оқырмандар кітапханашы Д.Халиевамен ғажайып ертегі әлеміне саяхат жасады. Көрсетілген қызықты да мазмұнды мультфильмді тамашалап, ертегінің сиқырлы әлемінен үлкен әсер алды.

Осы кітап апталығында өткізілген іс-шаралардың мақсаты - жас оқырмандарды кітап оқуға баулу, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, сана-сезімдерін жетілдіріп, білімге деген ізденістерін қалыптастыру.

Кітап адамның дүниетанымын кеңейтеді. Рухани дүниелерді оятып, ертегі, әңгімелермен сыр шертіскен кітап – балалардың ең жақын ақылшысы. Кітапхананың балаларға білім негіздерін сапалы меңгертуде, жан-жақты тәрбие беруде, түрлі әдеби шығармалармен таныстыруда атқаратын маңызы өте зор. Сондықтан, ең алдымен, кітап қазынасының ордасы – кітапханадан бастайық.

**Н.Б. Камиева,**  
аудандық балалар кітапханасы